

FTAXP 06.73.55

ӨЖ 33.336

JEL G21

<https://doi.org/10.46914/1562-2959-2025-1-3-266-281>

КАДЫРБЕКОВА Д.С.,¹

PhD, қауымдастырылған профессор.

e-mail: 6537275@mail.ru

ORCID ID: 0000-0001-8641-253X

ДУШОВА Н.К.,²

Э.Ғ.М., аға оқытушы.

e-mail: dushovan@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-6778-6218

ТОКБЕРГЕНОВА У.А.,³

Э.Ғ.М., аға оқытушы.

e-mail: tokbergen75@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-9678-8124

КАЛИЯСҚАРОВА Б.Ә.,⁴

Э.Ғ.М., аға оқытушы.

*e-mail: kaliaskarova.b@bk.ru

ORCID ID: 0000-0003-4745-9495

¹Қазақ спорт және туризм академиясы,
Алматы қ., Қазақстан

²К. Сағадиев атындағы Халықаралық
бизнес университеті,
Алматы қ., Қазақстан

³Алматы технологиялық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

⁴Нархоз университеті,
Алматы қ., Қазақстан

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТУРИЗМНІҢ ДАМУЫНА ӘСЕР ЕТУШІ КӨРСЕТКІШТЕР (Қазақстан Республикасы мысалында)

Андатпа

Мақаланың мақсаты халықаралық туризмнің дамуына әсер етуші көрсеткіштер ретінде зерттеуде отандық, алыс және жақын шетел ғалымдарының ғылыми-зерттеу жұмыстарын, халықаралық экономикалық Форум, әлемдік туристік барометрдің материалдарын талдау негізінде «киелі туризм» және «халықаралық туризм» ұғымдарына авторлық анықтама беру, туризмді дамытып, экономикалық өсуге қол жеткізу мақсатында туризм сферасына әсер етуші таңдап алынған бірнеше көрсеткіштердің статистикалық мәліметтеріне және мазмұнына тоқталу, көрсеткіштердің үлес салмағындағы маңыздылықты анықтау. Қазақстан Республикасының статистикалық Агенттігінің соңғы 5 жылдағы ақпараттарына сәйкес берілген көрсеткіштердің тұрақтылығын анықтау, көрсеткіштердің басымдылығын анықтауда тәуелді айнымалылармен тығыз статистикалық маңызды байланысы бар көрсеткіштер таңдалып және деректердің жуықтау нәтижелері анықталды. Республикамыздағы тарихи-мәдени мұралардың сақталуы, қасиетті жерлерді көруге келуші туристер ағынының артуы арқылы киелі туризмді дамыту халықаралық туристер тенденциясын арттыру мен экономикалық өсуге қол жеткізуде мақаланың өзектілігін арттырады. Зерттеу барысында туризмге әсер етуші тұрақтылық көрсеткіштерін талдау, көрсеткіштің әсерін анықтау мақсатында әр бағыт бойынша нормаланған мәндердің орташа арифметикалық мәні мен үлес салмағының маңыздылығын есептеу, статистикалық талдау, жалпылау мен салыстыру әдістері қолданылады. Мақаланы қорытындылай отырып, таңдап алынған көрсеткіштердің жалпы тұрақтылыққа әсер ету шамасы дифференциалдылығы анықталды, алынған нәтижелерге қол жеткізу арқылы жалпы республика бойынша өсу динамикасы орын алады және зерттеу жұмысына таңдап алынған 2020–2024 жж. бойынша еліміздегі тұрақты дамудағы көрсеткіштер нәтижесіне сәйкес әрбір өлшемді қоса алғанда сызықтық өсу анықталды. Туризм сферасын тұрақты халықаралық деңгейде қамтамасыз етуде біріктіру мен жүйелеу құралы ретінде кешенді механизмдерді ұсыну арқылы негізгі, қажетті мақсаттарға қол жеткізуге болады.

Тірек сөздер: киелі туризм, халықаралық туризм, көрсеткіштер, басымдылық, үлес салмағы, тарихи құндылық.

Кіріспе

Туризм – экономикалық өсуге бағыттайтын сфералардың бірі. Туризмнің дамуы туризм инфрақұрылымының дамуымен синхронды байланыста. Осы бағытты дамытуда Қазақстанның потенциалы жоғары. Елімізде кәсіби мамандар мен туризм инфрақұрылымының әлсіздігінен туризм сферасының дамуы әлсіз жүруде. Туризм сферасын дамыту мақсатында ҚР-сы егемендік алған уақыттан бастап, көптеген жұмыстар жүргізуде.

Қазақстанда туризм саласын дамытуға бағытталған алғашқы заңнамалар 1992 ж. «Туризм заңы» қабылданды және 1993 ж. БҰҰ мекемесі Дүниежүзілік туристік ұйым мүшесі болды. 2001 ж. «Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы» Заңы және ҚР-да туризмді дамытудың 2001–2005 жж. арналған мемлекеттік бағдарламасы қабылданды. Мәдени мұралардың бірі – Қожа Ахмет Яссауи кесенесі 2003 ж. ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұра тізіміне енгізілді және осы жылы «Astana Leisure» халықаралық туристік көрмесі өткізілді [1]. 2017 ж. Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігіне қарасты Туризм индустриясының комитеті және «Kazakh Tourism» Ұлттық компаниясы акционерлік қоғамы құрылды. 2018 ж. Ұлттық туристік портал kazakhstan.travel жұмыс істей бастады және «Тарбағатай» ұлттық паркі құрылып, осы жылы әнші Димаш Құдайберген Қазақстанның ұлттық мәдениетін танымал етіп, алғашқы туризм Елшісі болды [1].

2020 ж. Қазақстанда алғашқы ауқымды әуежай, Түркістандағы Әзірет Сұлтан халықаралық әуежайы ашылып, осы жылы нұсқаулықтар мен туристік ақпараттың жетекші халықаралық баспагері «Lonely Planet» Қазақстанды саяхат үшін ең үздік елдердің бірі деп таныды. Сонымен қатар, 2020 ж. «Eqopaq» туристік ағыны мен көші-қон бақылауын жинау және есепке алу үшін ақпараттық жүйе іске қосылды [1]. 2020 ж. Түркістан қаласында Халықаралық Туризм және қонақжайлылық университеті ашылды. 2021 ж. Түркістанда «Керуен-Сарай» көпфункционалды туристік кешені, Таразда «Тектұрмас» этно-тарихи кешені, Шымкентте «Цитадель», Шығыс Қазақстан облысында Абайдың «Жидебай-Бөрілі» тарихи-мәдени кешені, Қарағанды облысында «Жошы хан» тарихи-мәдени кешені және тағы басқалары ашыла бастады [1].

Республикамызда туризм саласын әрі қарай қарқынды дамыту мақсатында 2023 ж. ҚР-ның туристік саласын дамытудың 2023–2029 жж. арналған тұжырымдамасы бекітілді [2].

2022 жылғы Қазақстан Республикасы Президентінің «Әділетті ел. Біртұтас халық. Берекелі қоғам» атты Халыққа Жолдауында кәсіпкерлікті қолдау, туризм сферасын дамытуда инвестициялық тартымдылықты арттыру мәселесі көтерілген еді [3]. Жаһандық даму туризм индустриясының дамуына тура әсер етуші көрсеткіш болып отыр, әлемдегі туризм саласындағы қарқындылық туризм түрлерінің жандануына, инвестициялық тартымдылықтың артуына, жұмысбастылықтың өсуіне, мультипликативті және синергиялық әсердің артуына әкелуде.

Киелі туризм – елімізде бағыт алған туризм түрлерінің бірі. Киелі туризм – еліміздегі құнды мәдени жерлер, мәдени мұра, діни кесенелер, тарихи құндылығы жоғары және географиялық көрікті жерлерге саяхаттау, киелі объектілерімен танысу болып табылады.

Киелі туризмді дамытуда «Қасиетті Қазақстан» орталығы жалпыұлттық деңгейдегі 100 нысан түрлерін бекітті. Түркістандағы «Ұлы дала елі» орталығының мәліметтеріне сәйкес 2024 жылғы табысының артуына 34 мыңнан аса қонақтың және 3 мыңнан аса шетел қонақтарының келуі, соның ішінде: Қытай, Ресей, Жапония, Германия, Франция, Орталық Азия елдерінің туристері музей, экскурсия, мәдени іс-шараларымен байланысты. Сонымен қатар, аталған жылы Ақмола облысында «Ұлы дала мұрасы», «Киелі өлкенің зергерлік бұйымдары» атты көшпенді көрмелер ұйымдастырылды [4].

Республикамызда киелі туризмнің дамуы халықаралық туризмнің өркендеуіне үлкен әсер етеді. Сондықтан мәдени іс-шаралардың жүргізілуі, географиялық көрікті жерлерге саяхаттау туристер ағынының және аймақ халықтарының табыс көзінің артуына, тұрмыс дәрежесінің, әлеуметтік және экономикалық көрсеткіштердің тұрақтылығына әкелетіні белгілі. Республикамыздағы тарихи-мәдени мұралардың сақталуы, қасиетті жерлерді көруге келуші туристер ағынының артуы арқылы халықаралық туристер тенденциясының өсуі экономикалық дамуға қол жеткізу мақаланың өзектілігін арттырады.

Соңғы уақыттағы халықаралық туристер ағынына әсер етуші бағыттардың бірі – ежелден сақталған тарихи-мәдени мұралар. Қасиетті жерлер дегеніміз – ата-мұрадан қалған зайырлы

және діни сәулеттер, мәдени мұра ескерткіштері, халық қастерлейтін табиғи ландшафттар мен кесенелер, халқымыз үшін маңызды саяси жағдайлармен байланысы бар тұрақты тарихи құндылықтары бар жерлер. Еліміздің қоғамдық-саяси тарихындағы мәдени және тарихи мұралар, ұлттық бірлікті көрсететін маңызы үлкен түрлі нысандар болып табылады.

Зерттеу жұмысының мақсаты Қазақстандағы киелі туризмді дамыта отырып, халықаралық туризмді дамытушы фактор ретінде қарастыруда әсер етуші көрсеткіштердің басымдылығы мен маңыздылығын анықтау. Мақаланың мақсатына қол жеткізуде келесідей міндеттер алға қойылады:

1) «киелі туризм», «халықаралық туризм» бағытында зерттеуші отандық, алыс және жақын шетел ғалымдары мен халықаралық ұйымдардың жұмыстарына талдау жасау арқылы, аталған ұғымдарға авторлық анықтама беру;

2) туризмді дамытып, экономикалық өсуге қол жеткізу мақсатында туризм сферасына әсер етуші 7 түрлі көрсеткіштердің статистикалық мәліметтеріне және мазмұнына тоқталу;

3) ҚР статистикалық Агенттігінің 2020–2024 жж. мәліметтері негізінде берілген көрсеткіштердің даму тұрақтылығын анықтау мақсатында таңдап алынған көрсеткіштердің нормаланған мәндердің орташа арифметикалық шамасын есептеу;

4) әрбір көрсеткіштердің басымдылық салмағы мен интегралдық көрсеткіштер мәндерінің нәтижесіне сәйкес қорытынды жасау.

Жаһандану уақытында мемлекеттер қолда бар табиғи ресурстарды тиімді пайдалану арқылы, миллиондаған халықтың табыс көзі ретіндегі туризм сферасын дамытуда қарқынды жұмыстар жүргізуде. Туризм сферасына қызығушылық танытып отырған әлемдік зерттеушілер мен халықаралық ұйымдар (WTO, WEF) миллиондаған халықтың әлеуметтік мәселесін шешуші, экономикалық өсуге, технологиялық дамуға, демографиялық өсімге, мәдени құндылықтардың сақталуына итермелеуші фактор ретінде жан-жақты талданған, өзекті тақырыптардың бірі болып отыр. Осыған орай, киелі туризм және халықаралық туризм ұғымдарын жан-жақты зерттеуші әлем ғалымдарының еңбектеріне әдебиеттік шолу жасалады.

Отандық зерттеушілердің ғылыми жұмысында Қазақстанның қасиетті тарихи бірегей әлеуетті жерлері мен олардың маңызы сипатталады. Еліміздегі киелі жерлерге туристік ағындар мен келуші туристерді қажылық және дін мақсатында тұрғылықты жерлерге тартылуы талданады [5].

Киелі туризмді зерттеуші отандық ғалымдар ішкі туризмді дамытудың алғышарттары, туристік қызметтерді дамыту бағыты ретінде Қазақстандағы киелі орындардың әлеуетін бағалау әдістері мен туристердің ұсынылатын қызметтерге қанағаттану деңгейі мен туристік агенттіктердің қызметтерді дамыту мәселелері қарастырылады [6].

Халықаралық туризм бағытын талдаушы отандық зерттеушілер республикамыздың көрікті жерлері Алматы облысының статистикалық мәліметтеріне сәйкес туризмді дамыту және оңтайландыру мәселелері бойынша ұсыныстары, Қазақстанның туризм нарығын дамыту, оның әсерін талдауда регрессия моделін құруда бірнеше факторлар ұсынады [7].

Индонезия ғалымдары туризм мен экономикалық өсу арасындағы байланысты қысқа және ұзақ мерзімді динамикалық өзгерістерді эмпирикалық зерттеулер арқылы, соңғы 22 жыл мәліметтеріне сәйкес талдап, FMOLS және Granger себептілік әдістерін қолданып, туризм мен экономикалық өсудің бір бағытты себептілік байланысы гипотезасын растайды [8].

Тайланд зерттеушілері қоғам ішіндегі Ват Чедиде (Пагода храмы) орналасқан байлық пен бақыт сыйлайтын жастық рухпен байланысты діни феномен Ай Хай культінің ықпалын талдайды. Аталған рух Таиландтың оңтүстік аймағының діни мифологияларында терең тамыр жайған, жергілікті және аймақтық деңгейде экономикалық өзгерістерге әкелетін мәдени күш ретінде қарастырады [9].

Қытай ғалымының еңбегінде діни туризмнің нәтижесінде танымал құдай Мацзуға табынудағы өзгерістер және дәстүрді ойлап табу, фольклоризациялау және Мацзу культін коммерцияландырудағы трансұлттық туризмнің рөлін, мемлекеттің қолдауы, экономикалық жаһанданудың әсері бастапқыда жергілікті деңгейде, содан кейін ұлттық ауқымдағы дәстүрлі қажылық орнын трансұлттық туристік тартымдылыққа айналғандығын талқылайды [10].

Келесі қытай ғалымдары материалдық емес мәдени мұра үкімет және жергілікті қауымдастықтар үшін де құнды туристік ресурс бола алатынын қарастырады. Материалдық емес мәдени

мұра анықтамаларынан алынған 85 кілт сөз әлеуметтік ғылымдар, өнер және гуманитарлық конференция материалдарының дәйексөз индекстерінде индекстелген мақалаларды жинамас бұрын Web of Science дерекқорына енгізіп, 76 елдің 418 әдебиеттеріне жүйелі шолу жасалады [11].

АҚШ зерттеушісінің ғылыми жұмысында туризм дегеніміз не, оның қажылыққа және (туристік емес) өмірге деген көзқарасы қандай? Егер туризм кету мен оралуды білдірсе, барған сайын өзара байланысты және цифрлық түрде ұсынылған әлемде «үйден тыс жер» мен «үйдің» табиғаты қандай? деген сұрақтарға жауап іздейді [12].

Қарастырылып отырған әдебиеттік шолуды қорыта отырып, авторлар «киелі туризм» және «халықаралық туризм» ұғымдарына авторлар анықтама береді. Киелі туризм – тарихи құндылықтарымен байланысты қасиетті жерлер және тарихи-мәдени мұра объектілерімен танысу. Халықаралық туризм – шетел туристерін мәдени және рухани құндылықтарына сұранысты қанағаттандыратын әртүрлі туристік нысандарға саяхаты.

Материалдар мен әдістер

Әлемдік деңгейде Саяхат және туризмді дамытушы елдер рейтингі Халықаралық Экономикалық Форумда (ХЭФ) жарияланады. Туризм саласының дамуы табыстың арттырушы, мультипликативті әсері бар басты факторлардың бірі. Сондықтан мемлекеттер туризм саласын дамытуда өзара бәсекеге түсу арқылы туристік қызметтер мен өнім түрлерін арттыруға бағыттайды. 1-кестеде 2024 жылғы ХЭФ-ның алыс шетел және ТМД мемлекеттерінің Саяхат және туризмді дамыту индексінің жалпы рейтингіне талдау жасалады.

Кесте 1 – Саяхат және туризмді дамыту индексінің (TTDI) жалпы рейтингі, 2024 ж.

№№	мемлекет	орташа ұпайы, %	2019 ж. бастап		TTDI орт. өзгерісі, %
			дәреже	ұпай %	
Алыс шетел мемлекеттері					
1	АҚШ	5,24	0	-0,5	32,3
2	Испания	5,18	0	0,9	30,6
3	Жапония	5,09	0	-0,3	28,5
4	Франция	5,07	2	0,8	28,0
5	Австралия	5,00	2	0,8	26,0
6	Германия	5,00	-1	-0,8	26,0
7	Ұлыбритания	4,96	-3	-2,4	25,2
8	Қытай	4,94	1	1,0	24,6
9	Италия	4,90	3	2,1	23,5
10	Швейцария	4,81	-2	-2,3	21,3
ТМД мемлекеттері					
45	Грузия	4,14	4	1,0	4,4
52	Қазақстан	4,07	6	3,7	2,6
56	Әзербайжан	3,98	-5	-0,6	0,3
72	Армения	3,73	-8	-2,4	-5,9
78	Өзбекстан	3,68	16	7,8	-7,3
88	Молдова	3,53	1	1,0	-11,1
99	Тәжікстан	3,42	-3	0,7	-13,7
102	Қырғызстан	3,38	1	2,8	-14,7
Ескертпе: Авторлармен [13] дереккөз негізінде құрастырылған.					

Халықаралық Экономикалық Форумның (ХЭФ) 2024 жылғы жинағында жарияланған әлемнің 119 мемлекеттері, соның ішінде алыс шетел және ТМД мемлекеттері бойынша Саяхат және туризмді дамыту индекстеріне талдауда әр мемлекеттің экономиканың тұрақты өсуіне үлесі беріліп отыр. Үлкен алпауыт мемлекеттер арасындағы көшбасшы АҚШ мемлекеті және алғашқы үштікке АҚШ, Испания, Жапония елдері орналасады.

ТМД мемлекеттерінің ішінде Қазақстан Республикасы Грузиядан кейінгі 2 орында және әлем бойынша 52 орынды иемденіп, жинаған орташа ұпайы 4,07-ге теңесті және 2019 жылмен салыстырғанда туризм сферасы 6 дәрежеге көтерілген.

Ал ТМД елдері арасында Өзбекстан Республикасының туризм сферасындағы даму қарқыны 2019 жылмен салыстырғанда 16 дәрежеге өсіп, жоғары нәтижеге қол жеткізіп отыр. Грузия мемлекетінің орташа ұпайы ТМД елдері арасында туризмді дамытудағы қарқыны жоғары үштікке кіріп, яғни 4,14-ке теңесіп отыр.

Әзірбайжан, Армения, Молдова, Тәжікстан, Қырғызстан мемлекеттерінің туризмді дамытудағы қарқыны алдыңғы үштікке қарағанда бәсеңдеу.

Қазақстан Республикасының Саяхат және туризмді дамыту индексінің (TTDI) жалпы рейтингі бойынша 2024 жылғы көрсеткіштері 2-кестеде толығырақ беріледі.

Кесте 2 – ҚР Саяхат және туризмді дамыту индексі (TTDI), 2024 ж.

Қолайлы орта					Саяхат және туризм саясаты, қолайлы шарты			Инфрақұрылым және қызмет			Саяхат және туризм ресурстары			Саяхат және туризм тұрақтылығы		
1					2			3			4			5		
Бизнес орта	Қауіпсіздік	Денсаулық және гигиена	Адам ресурстары және еңбек нарығы	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар дайындығы	Саяхат және туризм басымдылығы	Саяхат және туризм ашықтығы	Бағаның бәсекеге қабілеттілігі	Өуе көлігі инфрақұрылымы	Жер және порт инфрақұрылымы	Туристік қызметтер және инфрақұрылым	Табиғи ресурстар	Мәдени ресурстар	Өндіріске арналған Ресурстар	Экологиялық тұрақтылық	Саяхат және туризмнің әлеуметтік-экономикалық әсері	Саяхат және туризм сұранысының тұрақтылығы
3,93	5,69	5,98	4,46	5,42	4,31	3,15	6,41	3,19	2,82	3,14	3,64	2,07	2,22	3,95	5,50	3,55

Ескертпе: Авторлармен [13] дереккөз негізінде құрастырылған.

2-кестеде ҚР Саяхат және туризмді дамыту индексі 5 блокқа бөлінген және әр көрсеткіш 1–7 ұпайларымен бағаланады, яғни 1 – ең нашар, 7 – ең жақсы деңгейді көрсетеді. Жоғары ұпайларды жинаған көрсеткіштерге: бәсекеге қабілеттілік, саяхат және туризмнің әлеуметтік-экономикалық әсері, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар дайындығы, денсаулық және гигиена, қауіпсіздік және ең төмен ұпай жинаған көрсеткіштерге: мәдени ресурстар, жер және порт инфрақұрылымы, өндіріске арналған ресурстар жатады. 2-кестені қорытындылай отырып, 2024 жылғы WEF TTDI индекстері негізінде республикамызда туризм саласын дамытуда әлсіз жақтары белгілі болды.

Әлем мемлекеттері туризм сферасының дамуына қолдау көрсету арқылы халықты жұмыспен қамтып және алынған табыс негізінде әлеуметтік-экономикалық ішкі мәселелерді шешуде. Туризм сферасын дамытуда ішкі ресурстарды пайдалана отырып, қолайлы ортаны қамтамасыз ету маңызды.

1-суретте 2019–2024 жж. әлем елдерінің Саяхат және туризмді дамыту үшін «Қолайлы орта» көрсеткіші бойынша орташа ұпайы қамтылған.



Сурет 1 – Әлем бойынша Саяхат және туризмді дамыту үшін «Қолайлы орта» көрсеткіші бойынша орташа ұпайы, 2019–2024 жж.

Ескертпе: Авторлармен [13] дереккөз негізінде құрастырылған.

БҰҰ-ның мамандандырылған мекемесі UN Tourism жаһандық деңгейде халықтың тұрмыс дәрежесін көтеру, мемлекеттердің тұрақты дамуы, инновацияға қол жеткізуі арқылы экономикалық өсуді арттыру халықаралық ұйымның мақсаты болып табылады. Әлемдік туризм барометрінің мәліметтеріне сәйкес, 2019 жылғы халықаралық туризмді 2024 жылмен салыстырғанда 99%-ға қалпына келген. 2024 жылды 2023 жылмен салыстыратын болсақ, 11%-ға артқан, яғни 1,4 млрд адамға тең (140 млн адамға өскен) [14]. 2023 жылғы халықаралық туризмнен түскен табыс көлемі 1,5 трлн долларды құрап, 2019 жылмен салыстырғанда 3%-ға жетпейді. Макроэкономикалық көрсеткіштер артып, халықаралық туризмнің әлемдік ЖІӨ-дегі үлесі 3%-ға және 3,3 трлн долларға теңесті [15].

Қазақстан Республикасы әлемдік туристік картада жыл сайын тартымды бағытқа айналууда. ҚР статистикалық Агенттігінің 2024 жылғы қаңтар айының ақпараттарына сәйкес алыс және жақын елдерден келген (Ресей, Қытай, Үндістан, Түркия) туристер саны 566 500 құрады, яғни 2023 жылмен салыстырғанда 9,8%-ға артқан [16]. Туризм сферасын дамытуда және туристер ағынын арттыруда 2021 ж. жаңа инвестициялық жоба, Орталық Азиядағы үлкен көпфункционалды туристік кешен «Керуен сарай» Түркістан қаласында өз жұмысын бастап кетті [17]. 2025 ж. Нео Номад визасының жаңа түрі енгізілді [18]. 2024 ж. Қызылордада Қорқыт Ата әуежайының жаңа терминалы [19] және осы жылы Түркістан халықаралық әуежайы ашылып [20] халықаралық рейстер іске қосылды. Аталған әуе тасымалы және жаңа виза түрі және басқа да шаралар көшпенді шетелдік туристер санын арттыруға және дамытуға бағытталып отыр.

Қазақстан Республикасының Ұлттық музейіне қарасты Қасиетті Қазақстан ғылыми-зерттеу орталығы республикамыздың өңірлеріндегі 100 киелі орындардың ішінен 10 көрікті жерді Қожа Ахмет Яссауи кесенесі (14 ғ.), Арыстан баб кесенесі (12 ғ.), Айша бибі кесенесі (11–12ғ.), Ақыртас сарай кешені (8–9ғ.), Домалақ ана кесенесі (11 ғ.), Абай-Шәкәрім кешені, Қорқыт ата кешені (20 ғ.), Үкаш ата кесенесі, Құнанбай қажы мешіті (19 ғ.), Жылаған ата үңгірі ерекше белгіледі [21].

Қазақ туризм Ұлттық компанияның ақпараттарына сәйкес 2024 ж. республикамызға араб елдерінен келген туристер ағыны 62%-ға артқан. Соның ішінде: Оман елінен 80%-ға 15 мың адамға, Біріккен Араб Әмірлігінен келген туристер мен саяхаттанушылар саны 40%-ға көбейіп, өткен жылмен салыстырғанда 14,7 мыңға артқан және Сауд Арабиясынан 9 мың, 47%-ға өскен. Ал Катар елінен келушілер саны 1,5 есе артып, Бахрейн жерінен келгендер 2022 жылға қарағанда 4 есеге көбейген [22]. Араб елдерінен келуші діни туристер саны елімізге қызығушылық танытып, жыл сайын артып келеді. ҚР-на келуші, резидент емес туристер саны 2023–2024 жж. ақпараттарына сәйкес 227 691 және 222 813 адамды құрап отыр [16].

2023 ж. Үнді елінің Travel Scapes туризм индустриясындағы танымал басылымы Қазақстан Республикасын саяхатшылар таңдайтын тренд бағыт ретінде марапаттады. Киелі, қасиетті жерлерге, табиғатымызға туристер ағынының артуы, келуші туристерге қолайлы ортаны қамтамасыз етумен байланысты [23].

Дамудағы басты факторлардың бірі – «Қолайлы ортамен» қамтамасыз ету арқылы туризмді дамытып, экономикалық өсуге қол жеткізу. Сондықтан, Республикамыздың 2024 жылғы WEF TTDI индекстерін ескере отырып, киелі туризмді дамыту арқылы халықаралық туризм қарқындылығын арттыру мақсатында әсер етуші экономикалық, әлеуметтік, экологиялық, технологиялық, аймақтық, демографиялық, мәдени (қасиетті, киелі жерлер, мәдени іс-шаралар) факторларға 2-суретте тоқталамыз.

Көрсеткіштер түрлері	Көрсеткіштер мазмұны
Экономикалық: жан басына шаққандағы ЖІӨ, түпкілікті тұтыну әдісімен ЖІӨ, негізгі капиталға салынған инвестициялар	Мемлекеттің экономикалық және инновациялық дамуы
Әлеуметтік: халықтың орташа есеппен жан басына шаққандағы атаулы ақшалай табыстары, жұмыспен қамтылған халық	Халықтың тұрмыс-дәрежесі, өмір сүру деңгейі, жұмыспен қамтылуы
Экологиялық: қоршаған ортаны қорғауға жұмсалатын жалпы шығындар, атмосфералық ауаны қорғау және климаттың өзгеру проблемалары, жаңартылатын энергия көздері саласындағы қызмет	Аймақтар бойынша экологиялық технологиялардың қолданылуы
Технологиялық: ҚР кәсіпорындарында ақпараттық – коммуникациялық технологияларды қолдануы, ақпараттық қызметтердің көлемі	Сапа мен тиімділікке қол жеткізуші жаңа технологиялардың қолданылуы
Аймақтық: үй шаруашылықтарының сапарларға жұмсаған шығыстары, орналастыру орындарының бір уақыттағы толтырымдылығы, ЖІӨ	Аймақтың даму қарқыны
Демографиялық: Халықтың табиғи өсімі, халық саны, халықтың орташа жылдық саны	Халықтың демографиялық өсімі
Мәдени (қасиетті, киелі жерлер, мәдени іс-шаралар): Мәдени мекмелерге бару, қасиетті, киелі жерлерге саяхаттаушылар, мәдени-бұқаралық іс-шаралар, мәдени-демалыс мекемелерінің саны	Халықаралық туризмді дамытушы киелі туризмнің өсуіне қол жеткізу, мәдени брендті қалыптастыру

Сурет 2 – Туризм сферасының дамуына әсер етуші көрсеткіштер жүйесі

Ескертпе: Авторлармен құрастырылған.

ҚР туризм сферасының дамуына әсер етуші факторларының статистикалық мәліметтері 3-кестеде беріледі. Берілген көрсеткіштердің тұрақтылығын анықтау мақсатында таңдап алынған көрсеткіштердің орташа арифметикалық шамасы есептеледі. Тізбектелген көрсеткіштердің әсеріне байланысты қажетті өлшемдер іріктеледі және таңдалған көрсеткіштер арқылы туризм сферасының даму деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.

Кесте 3 – ҚР туризм сферасының тұрақты дамуына әсер етуші көрсеткіштер, 2020–2024 жж.

	2020	2021		2022	2023	2024
	Экономикалық көрсеткіштер:					
	Өндіріс әдісімен ҚР ЖІӨ, (млн тг)					
70 714 083	81 269 230			103765518	119 808 038	135251 663
	Негізгі капиталға салынған инвестициялар (мың тг)					
12 321 323 524	132422334 20			15251104090	17649312955	1937496564 7
	Түпкілікті тұтыну әдісімен ЖІӨ (млн.тг)					
91 547 261	106574962			103470837	117107785	83306901
	Әлеуметтік көрсеткіштер:					
	Халықтың орташа есеппен жан басына шаққандағы атаулы ақшалай табыстары (тг)					
111470	121182			151964	177760	202622
	Жұмыспен қамтылған халық (млн адам)					
8732,04	8807,113			8971,539	9081,92	9214,184
	Әлеуметтік қызмет көрсету мен денсаулық сақтау саласы бойынша жасалған қызметтер саны (мың тг)					
68 458 210	72 158 589			73 854 610	75 725 432	79 754 243
	Экологиялық көрсеткіштер:					
	Қоршаған ортаны қорғауға жұмсалатын жалпы шығындар (мың.тг)					
325 835 005	41655575			44414269	610285222	650345002
	Атмосфералық ауаны қорғау және климаттың өзгеру мәселелері (мың.тг)					
77 508 320	82 513 454			127 995 826	122068658	145123102
	Жаңартылатын энергия көздері саласындағы қызмет (мың.тг)					
890 607 285	100677264			146647977	202382310	232202001
	Технологиялық көрсеткіштер:					
	ҚР кәсіпорындарында ақпараттық – коммуникациялық технологияларды қолдану (млн.тг)					
354251,3	443121,3			589852,5	918349,9	678032,6
	Ақпараттық қызметтердің көлемі (млн тг)					
254054,1	221256,6			264245,3	471532,3	526 228,3
	Электрондық коммерция көлемі (бөлшек сауда, ішкі нарық), млн. тг.					
476651,5	481978,7			1963493,2	2439821,5	3156372,3
	Аймақтық көрсеткіштер:					
	ҚР-да үй шаруашылықтарының сапарларға жұмсаған шығыстары (ішкі және шығу келушілері, мың тг.)					
397906067,9	367240757 ,2			644281718,6	868893347,3	957701674,3
	Орналасыру орындарының бір уақыттағы толтырымдылығы (төсек-орын)					
179 843	183290			195814	199831	206861
	Аймақтық ЖІӨ жан басына шаққандағы (мың тг)					
3766,8	4417,9			5284,7	6002, 0	6659,8
	Демографиялық көрсеткіштер:					
	Халықтың табиғи өсімі, мың адам					
265764	264659			270370	257742	233007
	Халық саны (млн адам)					
18630920	18878966			19503159	19766807	20033842
	ҚР халқының орташа жылдық саны (адам)					
18754943	19000687			19634983	19900325	20158621
	Мәдени көрсеткіштер:					
	Мәдени мекемелерге бару, қасиетті, киелі жердерге саяхаттаушылар (мың, келу)					
43559,6	66001			80574	82884	93330
	Мәдени-бұқаралық іс-шаралар саны (мың, келу)					
8868	15916			28025	30019	31779
	Мәдени-демалыс мекемелерінің саны (бірлік)					
3077	3098			3102	3069	3 076
Ескертпе: Авторлармен [16] дереккөз негізінде құрастырылған.						

Қазақстан Республикасы

Туризм сферасындағы тұрақтылық көрсеткіштерін анықтауда әр бағыт бойынша көрсеткіштер мәндерінің орташа арифметикалық мәні қолданылады. Әр көрсеткіштің басымдылығы оның ұсынылған көрсеткіштер мәндерінің қосындысындағы үлес салмағы негізінде анықталады.

$$\begin{aligned} & \text{Туризм сферасындағы тұрақтылық көрсеткіштері} = \\ & = Y1 * \text{экон. көрс.} + Y2 * \text{әлеум. көрс.} + Y3 * \text{эко. көрс.} + Y4 * \text{техн. көрс.} \\ & + Y5 * \text{айм. көрс.} + Y6 * \text{демогр. көрс.} + Y7 * \text{мәден. көрс.} \\ & = \frac{\quad}{7} \end{aligned} \quad (1)$$

мұндағы;

Y1–Y7 аралығы – 7 түрлі көрсеткіштің, әрбір көрсеткіштер үлес салмағы.

Берілген формуланы пайдалана отырып, әрбір көрсеткіштің басымдылығын және оны абсолюттік мәнінің үлесін анықтай аламыз.

Мақаланы зерттеу барысында келесідей зерттеу әдістері қолданылады: отандық және шетел ғалымдарыны, ғылыми-зерттеу жұмыстарына талдау жасалады, ҚР статистикалық Агенттігінің 2020–2024 жж. мәліметтері негізінде берілген көрсеткіштердің тұрақтылығын анықтау мақсатында таңдап алынған көрсеткіштердің орташа арифметикалық шамасы есептеледі, туризм сферасының дамуына әсер етуші көрсеткіштердің басымдылығын анықтауда тәуелді айнымалылармен тығыз статистикалық маңызды байланысы бар көрсеткіштер таңдалып, деректердің жуықтау нәтижелері беріледі.

Нәтижелер мен талқылау

БҰҰ-ның UN Tourism 2024–2025 жж. қаңтар айлары ақпараттарына сәйкес әлемдік деңгейдегі халықаралық туризмнің жандануына әсер етуші негізгі факторлар 3-суретте беріледі.



Сурет 3 – БҰҰ-ның UN Tourism халықаралық туризмнің жандануына әсер етуші негізгі факторлар, 2024–2025 жж.

Ескертпе: Авторлармен [14] дереккөз негізінде құрастырылған.

2024 және 2025 жж. қаңтар айлары БҰҰ-ның UN Tourism ақпараттары бойынша халықаралық туризмнің жандануына әсер етуші негізгі факторларды талдау барысында ауытқып отырған көрсеткіштерге: дестинациялардағы келушілердің кептелісі 16,8%, тұтынушылардың төмен сенімі 8%, басқа геосаяси тәуекелдер 12%, басқа экономикалық факторлар 18%, көлік және тұру шығындары 3%-ға теңесті, ал маман тапшылығы мен ауа райының экстремалды оқиғалары өзгеріссіз болып отыр. Талдау нәтижесінде халықаралық туризмге әсер етуші басым факторлары белгілі болды. Соның ішінде, экономикалық факторлар, көлік және тұру шығындары және ауа-райының экстремалды өзгерістері туризм сферасына соңғы жылдардағы басым әсер етуші факторлар болып отыр.

Жаһандық нарықтағы бәсекеде мемлекеттер қолда бар ресурстарды пайдалана отырып, шығындарды азайту мақсатымен бәсекеге қабілеттілігін арттыра түсуде. Қазақстан да өз потенциалын пайдалана отырып, киелі туризмді дамытуда халықаралық туризмді жандандыруды алға қойып отыр. Туризм түрлерінің ішіндегі киелі туризмге қызығушылық танытушы туристер мен саяхаттанушылар саны жыл сайын артуына байланысты осы бағытты дамытуда әсер етуші көрсеткіштердің басымдылығын анықтау түрлі көрсеткіштер негізінде шешуге бағытталады. Көрсеткіштің әсерін анықтау мақсатында әр бағыт бойынша нормаланған мәндердің орташа арифметикалық шамаларымен есептеуге мүмкіндік береді.

Кесте 4 – Әрбір бағыт бойынша туризм сферасы дамуындағы тұрақтылық көрсеткіштері

Қазақстан республикасы	Экономикалық индикаторлар				
	2020	2021	2022	2023	2024
	-0,790	-0,855	0,007	0,124	1,218
	Әлеуметтік индикаторлар				
	-1,423	-0,698	0,247	0,561	1,245
	Экологиялық индикаторлар				
	-0,326	-0,428	0,278	0,693	1,129
	Технологиялық индикаторлар				
	-0,624	-0,287	0,489	0,872	0,956
	Аймақтық индикаторлар				
	-0,150	0,218	0,629	0,946	1,173
	Демографиялық индикаторлар				
	0,053	-0,134	-0,831	-0,124	-0,079
	Мәдени индикаторлар				
	0,381	0,401	0,441	0,446	0,439
Ескертпе: Авторлармен есептелген.					

Берілген көрсеткіштердің өлшем бірлігіндегі өзгерістерді (айырмашылықты) жою мақсатында деректерден орташа мәндерін алып тастап, стандартты ауытқуға бөліп қалыпқа келтіріледі, нәтижесінде дисперсия 1-ге тең болады.

Түрлі көрсеткіштердің жалпы тұрақтылыққа әсер ету шамасы дифференциалды, сондықтан осы өзгерістерді зерттеу үшін халықаралық туризмнің тұрақты дамуындағы интегралды көрсеткіштердің мәнін анықтаймыз және осы мақсатқа қол жеткізу үшін 1-формуланы пайдаланамыз.

Елімізде халықаралық туризмді жандандыру арқылы туризм мәселесін шешу мақсатында таңдап алынған көрсеткіштер басымдылығын анықтау үшін іріктеліп алынған көрсеткіштермен мемлекеттің туризм сферасындағы даму рейтингі, даму дәрежесін анықтай аламыз.

Берілген көрсеткіштер негізінде әр бағыттың өлшемдерінің тұрақты және қалыпты шамаға жақындату мәндерінің орташа арифметикалық бағасы арқылы есептеледі.

Түрлі көрсеткіштердің арасындағы басымдылық салмағын анықтау берілген әрбір көрсеткіштердің абсолютті мәндерінің қосындысы мен нақты үлесі арқылы жүзеге асады және оның нәтижелері 5-кестеде беріледі.

Туризм сферасын дамыту тенденциясын анықтау мақсатында берілген экономикалық, әлеуметтік, экологиялық, технологиялық, аймақтық, демографиялық, мәдени көрсеткіштердің 2020–2024 жж. басымдылық салмағында дифференциалдылықты көрсетіп отыр және интегралдық көрсеткіштер мәндерінің нәтижелеріне сәйкес пандемиядан кейінгі уақытта оң нәтижеге теңеседі, яғни жалпы республика бойынша аталған көрсеткіштер дамуын айқындайды.

Кесте 5 – Туризм сферасын дамытуда көрсеткіштердің басымдылық салмағы мен интегралдық көрсеткіштер мәндерінің нәтижелері

Көрсеткіштер түрлері	Көрсеткіштердің басымдылық салмақтары				
	2020	2021	2022	2023	2024
Қазақстан Республикасы					
Экономикалық	0,207	0,004	0,065	0,227	0,187
Әлеуметтік	0,208	0,189	0,203	0,208	0,209
Экологиялық	0,319	0,178	0,139	0,120	0,137
Технологиялық	0,152	0,408	0,081	0,198	0,244
Аймақтық	0,032	0,104	0,286	0,090	0,129
Демографиялық	0,068	0,109	0,217	0,224	0,228
Мәдени	0,381	0,401	0,441	0,446	0,449
Туризм сферасының дамуындағы интегралды көрсеткіштер нәтижесі					
ҚР	-0,080	-0,055	0,194	0,198	0,217
Ескертпе: Авторлармен есептелген.					

Туризм сферасын дамыту тенденциясын анықтау мақсатында берілген экономикалық, әлеуметтік, экологиялық, технологиялық, аймақтық, демографиялық, мәдени көрсеткіштердің 2020–2024 жж. басымдылық салмағында дифференциалдылықты көрсетіп отыр және интегралдық көрсеткіштер мәндерінің нәтижелеріне сәйкес пандемиядан кейінгі уақытта оң нәтижеге теңеседі, яғни жалпы республика бойынша аталған көрсеткіштер дамуын айқындайды.

Қорытынды

Республикамызда туризм потенциалын тиімді пайдаланып, туризм түрлерін дамыту киелі туризмді дамыта отырып, халықаралық туризмді жандандыруда мүмкіндіктері үлкен. Д. Рикардоның салыстырмалы артықшылықтар теориясына сәйкес, қолдағы ресурстарды пайдалану негізінде өндірілетін тауарлардың бір данасына кететін шығындарды азайту арқылы бәсекеге төтеп беру бағытын ұстанатын болса, республикамыздағы туризм сферасындағы туризм түрлерінің бірі киелі және халықаралық туризмнің дамуына оң әсер ететін көрсеткіштерді негізге ала отырып, дамыту мүмкіндігі жоғары. Әрбір туризм түрінің дамуымен экономикалық өсуге қол жеткізу, уақыт өте мультипликативті және синергиялық әсерінің болуын ескерген жөн.

Қазақстандағы жалпы туризмді дамыта отырып, халықаралық туризмді жандандыруда экономикалық, әлеуметтік, экологиялық, технологиялық, аймақтық, демографиялық, мәдени көрсеткіштердің басымдылық салмағы мен интегралдық көрсеткіштер мәндерінің нәтижелеріне сәйкес авторлар келесідей қорытынды жасайды:

1) пандемиядан кейінгі даму үрдерісіне және елімізде жүзеге асырылып отырған іс-шаралардың нәтижелеріне байланысты туризм дамуындағы интегралдық көрсеткіштер шамасы 2022 жылдан бастап жағымды бағытты көрсетеді, жалпы республика бойынша өсу динамикасына тең болып отыр.

2) Зерттеу жұмысына таңдап алынған 2020–2024 жж. бойынша еліміздегі тұрақты дамудағы көрсеткіштер нәтижесіне сәйкес әрбір өлшемді қоса алғанда сызықтық өсуді білдіреді.

3) Алынған көрсеткіштер нәтижелері негізінде көрсеткіштердің жалпы тұрақтылық шамасына әсері дифференциалды болғандығын көрсетеді.

Зерттеу жұмысын қорытындылай отырып, республикамыздағы интегралды көрсеткіштердің нәтижесі бойынша туризм сферасының қарқындылығының дамуындағы тұрақтылық шамасы туризмдегі ұсынып отырған ресурстарға, өнімдерге, инфрақұрылымға, жалпы қолайлы ортамен қамтамасыз етумен байланысты болып отыр. Мақаланың құндылығы таңдап алынған әрбір көрсеткіш киелі және халықаралық туризмге мультипликативті әсер ету арқылы

экономикалық өсуге бағыттайтын аймақтық деңгейден халықаралық деңгейге бағыттайтын мәдени күш ретінде қарастырылады.

Сонымен, Республикамызда туризмді дамытудағы 2025–2029 жж. арналған тұжырымдамасына сәйкес туризм логистикасы мен инфрақұрылымын дамытуда 6,3 трлн теңге инвестициялау жоспарлануда [2]. Осы мақсатта, 2029 жылға дейін Қазақстан Республикасы туристік ағынды арттыруға, жаңа жұмыс орындарын ашуға және республиканың тартымды өңірлеріне, соның ішінде Шымбұлақ, Түрген өткелі, «Астана – менің Отанымның елордасы» атты арнайы жобалар негізінде ішкі инвестицияны жандандыру және шетел инвестицияларын тартуға бағытталған 2025–2029 жж. арналған Алматы тау кластерінде туризмді дамытудың кешенді жоспарын іске асыруды жалғастыруда. Инвестиция тартымдылығының артуы туризм динамикасының өсуіне және талданып отырған түрлі көрсеткіштер статистикасының артуына әкеледі.

Еліміздің туризм сферасы дамытуда 2024 жылғы ҚР Саяхат және туризмді дамыту индексі ақпараттарына сәйкес әлсіз жақтарын шешуде кешенді тәсілдері қолдану қажеттігі туындайды. Қазақстанның мәдени брендин дамыту негізінде жалпы инфрақұрылымның халықаралық деңгейдегі сапаға жақындауы арқылы қосатын үлесі және әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштердің артуына тигізетін синергиялық әсері арқылы жалпы экономикалық өсуге бағытталуы еліміздің басты стратегиялық мақсаты.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Развитие туризма. Достижения за 30 лет. URL: <https://special.nur.kz/kazakh-tourism-2021>. (дата обращения: 10.03.2025)
- 2 Концепция развития туристской отрасли Республики Казахстан на 2023–2029 гг. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000262#z287> (дата обращения: 20. 05.2025)
- 3 ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың 2022 жылғы Халыққа «Әділ мемлекет. Бір халық. Гүлденген қоғам» Жолдауы. (өтініш берілген күн: 10.11.2024)
- 4 Түркістандағы «Ұлы дала елі» орталығы 2024 жылды табысты аяқтады. – 2025. URL: <https://kazmuseum.kz/ekskursiya-ymeti/item/2369-t-rkistanda-y-ly-dala-eli-ortaly-y-2024-zhyldy-tabysty-ayaktady-foto>. (өтініш берілген күн: 15.02.2025)
- 5 Дәуренбекова А.Н., Уайсова А., Усубалиева С.Д. Қазақстанда киелі туризмнің даму болашағы // «Туран» университетінің хабаршысы. – 2019. – № 4. – С. 196–201.
- 6 Омаркожаева А.Н., Ярдякова И.В., Жунусова А.А. Перспективы развития сакрального туризма в Казахстане // Научный результат. Социальные и гуманитарные исследования. – 2024. – Т. 10. – № 2. – С. 114–126. DOI: 10.18413/2408-932X-2024-10-2-1-0.
- 7 Makenova G., Tuleubayeva M., Issayeva A., Daurenbekova A. Analysis of the Development of International Tourism and Its Impact to Tourism Market: Evidence of Kazakhstan // Journal of Environmental Management and Tourism. 2020, vol. XI, no. 8(48), pp. 2053–2067.
- 8 Mardhani M., Majid M., Jamal A., Muhammad S. Does international tourism promote economic growth? Some evidence from Indonesia // GeoJournal of Tourism and Geosites. 2021, no. 37, pp. 775–782. URL: <https://doi.org/10.30892/gtg.37306-708>
- 9 Ruengmak A., Dejpawuttikul Th. The emergence of the Ai Khai worship and the social revival in post-COVID-19 southern Thailand: the interplay between local folklore and sacred tourism // Cogent Arts & Humanities. 2024, vol. 11, p. 110. URL: <https://doi.org/10.1080/23311983.2024.231384>
- 10 Yanchao Zh. Transnational Religious Tourism in Modern China and the Transformation of the Cult of Mazu // Religions. 2021, no. 12(3), p. 221. URL: <https://doi.org/10.3390/rel12030221>.
- 11 Qihang Q., Yifan Z., Mu Zh.. Intangible Cultural Heritage in Tourism: Research Review and Investigation of Future Agenda // Land. 2022, no. 11, p. 139. URL: <https://doi.org/10.3390/land11010139>.
- 12 Nelson G. Tourism, pilgrimage and the sacred: at home or away // Annals of Tourism Research. 2024, vol. 104, p. 103719. ISSN 0160-7383. URL: <https://doi.org/10.1016/j.annals.2023.103719>. URL: <https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S0160738323001925>.
- 13 World Economic Forum. Travel & Tourism Development Index. 2024, pp. 11, 19, 37. URL: https://www3.weforum.org/docs/WEF_Travel_and_Tourism_Development_Index_2024.pdf (accessed: 26.03.2025)
- 14 World Tourism Barometer. 2024–2025. URL: <https://www.unwto.org/un-tourism-world-tourism-barometer-data> (accessed: 20.04.2025)
- 15 World Tourism Barometer and statistical annex. May 2024. URL: <https://www.e-unwto.org/doi/epdf/10.18111/wtobarometeresp.2024.22.1.2> (accessed: 23.04.2025)

- 16 ҚР статистикалық Агенттігі, 2020–2024 жж. URL: <https://stat.gov.kz/> (өтініш берілген күн: 21.05.2025)
- 17 Түркістан қаласындағы көпфункционалды туристік кешен. – 2021. URL: <https://primeminister.kz/news/turkistanda-ortalyk-azyadagy-en-iri-keruen-saray-turistik-kesheni-ashyldy-1131436> (өтініш берілген күн: 24.05.2025)
- 18 В Казахстане введена новая виза для современных кочевников. – 2025. URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/tsm/press/article/details/190965?lang=ru> (дата обращения: 9.01.2025)
- 19 Открытие нового терминала в аэропорту в городе Кызылорда. – 2024. URL: <https://primeminister.kz/ru/news/po-porucheniyyu-prezidenta-v-kyzylorde-otkryt-novyy-terminal-aeroporta-korkyt-ata-29308> (дата обращения: 21. 02.2025)
- 20 Түркістан халықаралық әуежайы. 2024. URL: <https://hsairport.kz/%D0%BE%D0%B1%D1%8A%D1%8F%D0%B2%D0%BB%D0%B5%D0%BD%D0%B8%D1%8F/> (өтініш берілген күн: 24.05.2025)
- 21 Қазақстандағы киелі орындар. 2023. URL: https://el.kz/qazaqstandagy-tanymal-kieli-oryndar_100030/ (өтініш берілген күн: 25.05.2025)
- 22 Увеличение туристов из арабских стран. – 2024. URL: <https://qaztourism.kz/ru/press-center/all/1740/> (дата обращения: 20.02.2025)
- 23 Казахстан удостоился престижной туристической премии в Индии. 2023. URL: https://www.inform.kz/ru/kazakhstan-udostoilisa-prestizhnoy-turisticheskoy-premii-v-indii_a4035240 (дата обращения: 10. 03.2025)

REFERENCES

- 1 Razvitie turizma. Dostizheniya za 30 let. URL: <https://special.nur.kz/kazakh-tourism-2021>. (data obrashheniya: 10.03.2025). (In Russian).
- 2 Konceptiya razvitiya turistskoj otrasli Respubliki Kazahstan na 2023–2029 gg. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000262#z287> (data obrashheniya: 20. 05.2025). (In Russian).
- 3 QR Prezidenti Q.Toqayevtyñ 2022 jylǵy Halyqqa «Ädil memleket. Bır halyq. Güldengen qoǵam» Joldaıy. (ötınısh berilgen kún: 10.11.2024). (In Kazakh).
- 4 Türkıstandaǵy «Üly dala elı» ortalyǵy 2024 jyldy tabysty aiaqtady. 2025. URL: <https://kazmuseum.kz/ekskursiya-ymeti/item/2369-t-rkistanda-y-ly-dala-eli-ortaly-y-2024-zhyldy-tabysty-ayaktady-foto>. (ötınısh berilgen kún: 15.02.2025). (In Kazakh).
- 5 Däurenbekova A.N., Uaisova A., Usubalieva S.D. (2019) Qazaqstanda kieli turizmniñ damu bolaşaqy // «Turan» universitetiniñ habarşysy. No. 4. P. 196–201. (In Kazakh).
- 6 Omarkozhaeva A.N., Jardjakova I.V., Zhunusova A.A. (2024) Perspektivy razvitiya sakral'nogo turizma v Kazahstane // Nauchnyj rezul'tat. Social'nye i gumanitarnye issledovaniya. V.10. No. 2. P. 114–126. DOI: 10.18413/2408-932X-2024-10-2-1-0. (In Russian).
- 7 Makenova G., Tuleubayeva M., Issayeva A., Daurenbekova A. (2020) Analysis of the Development of International Tourism and Its Impact to Tourism Market: Evidence of Kazakhstan // Journal of Environmental Management and Tourism., vol. XI, no. 8 (48), pp. 2053–2067. (In English).
- 8 Mardhani M., Majid M., Jamal A., Muhammad S. (2021) Does international tourism promote economic growth? Some evidence from Indonesia // GeoJournal of Tourism and Geosites, no. 37, pp. 775–782. URL: <https://doi.org/10.30892/gtg.37306-708>. (In English).
- 9 Ruengmak A., Dejpawuttikul Th. (2024) The emergence of the Ai Khai worship and the social revival in post-COVID-19 southern Thailand: the interplay between local folklore and sacred tourism // Cogent Arts & Humanities, vol. 11, p. 110. URL: <https://doi.org/10.1080/23311983.2024.231384>. (In English).
- 10 Yanchao Zh. (2021) Transnational Religious Tourism in Modern China and the Transformation of the Cult of Mazu // Religions, no. 12(3), p. 221. URL: <https://doi.org/10.3390/rel12030221>. (In English).
- 11 Qihang Q., Yifan Z., Mu Zh. (2022) Intangible Cultural Heritage in Tourism: Research Review and Investigation of Future Agenda // Land., no. 11, p. 139. URL: <https://doi.org/10.3390/land11010139>. (In English).
- 12 Nelson G. (2024) Tourism, pilgrimage and the sacred: at home or away // Annals of Tourism Research., vol. 104, p. 103719. ISSN 0160-7383. URL: <https://doi.org/10.1016/j.annals.2023.103719>. URL: <https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S0160738323001925>. (In English).
- 13 World Economic Forum. Travel & Tourism Development Index. 2024, pp. 11, 19, 37. URL: https://www3.weforum.org/docs/WEF_Travel_and_Tourism_Development_Index_2024.pdf. (accessed: 26.03.2025). (In English).
- 14 World Tourism Barometer. 2024–2025. URL: <https://www.unwto.org/un-tourism-world-tourism-barometer-data> (accessed: 20.04.2025). (In English).

- 15 World Tourism Barometer and statistical annex. May 2024. URL: <https://www.e-unwto.org/doi/pdf/10.18111/wtobarometeresp.2024.22.1.2> (accessed: 23.04.2025). (In English).
- 16 QR statistikalyq Agenttigi, 2020–2024 jj. URL: <https://stat.gov.kz/> (ötiniş berilgen kün: 21.05.2025). (In Kazakh).
- 17 Türkistan qalasyndaǵy köpfunksionaldy turistik keşen. 2021. URL: <https://primeminister.kz/news/turkistanda-ortalyk-aziyadagy-en-iri-keruen-saray-turistik-kesheni-ashyldy-1131436> (ötiniş berilgen kün: 24.05.2025). (In Kazakh).
- 18 V Kazahstane vvedena novaja viza dlja sovremennykh kochevnikov. 2025. URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/tsm/press/article/details/190965?lang=ru> (data obrashhenija: 9.01.2025) (In Russian).
- 19 Otkrytie novogo terminala v ajeroportu v gorode Kyzylorda. 2024. URL: <https://primeminister.kz/ru/news/po-porucheniyu-prezidenta-v-kyzylorde-otkryt-novyy-terminal-aeroporta-korkyt-ata-29308> (data obrashhenija: 21. 02.2025). (In Russian).
- 20 Türkistan halyqaralyq äuejaiy. 2024. URL: <https://hsairport.kz/%D0%BE%D0%B1%D1%8A%D1%8F%D0%B2%D0%BB%D0%B5%D0%BD%D0%B8%D1%8F/> (ötiniş berilgen kün: 24.05.2025). (In Kazakh).
- 21 Qazaqstandaǵy kielı oryndar. 2023. URL: https://el.kz/qazaqstandagy-tanyml-kieli-oryndar_100030/ (ötiniş berilgen kün: 25.05.2025). (In Kazakh).
- 22 Uvelichenie turistov iz arabskih stran. – 2024. URL: <https://qaztourism.kz/ru/press-center/all/1740/> (data obrashhenija: 20.02.2025). (In Russian).
- 23 Kazakhstan udostoilsja prestizhnoj turistichej premii v Indii. 2023. URL: https://www.inform.kz/ru/kazahstan-udostoilsya-prestizhnoy-turisticheskoy-premii-v-indii_a4035240 (data obrashhenija: 10.03.2025). (In Russian).

КАДЫРБЕКОВА Д.С.,¹

PhD, ассоциированный профессор.

e-mail: 6537275@mail.ru

ORCID ID: 0000-0001-8641-253X

ДУШОВА Н.К.,²

м.э.н., ст. преподаватель.

e-mail: dushovan@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-6778-6218

ТОКБЕРГЕНОВА У.А.,³

м.э.н., ст. преподаватель.

e-mail: tokbergen75@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-9678-8124

КАЛИЯСКАРОВА Б.А.,^{*4}

м.э.н., ст. преподаватель.

*e-mail: kaliaskarova.b@bk.ru

ORCID ID: 0000- 0003-4745-9495

¹Казахская академия спорта и туризма,

г. Алматы, Казахстан

²Университет международного

бизнеса им. К. Сагадиева,

г. Алматы, Казахстан

³Алматинский технологический университет,

г. Алматы, Казахстан

⁴Университет Нархоз,

г. Алматы, Казахстан

ПОКАЗАТЕЛИ, ВЛИЯЮЩИЕ НА РАЗВИТИЕ МЕЖДУНАРОДНОГО ТУРИЗМА (На примере Республики Казахстан)

Аннотация

Целью статьи является предоставление авторского определения понятий «сакральный туризм» и «международный туризм» на основе анализа научных исследований отечественных, зарубежных и ближнего зарубежья, материалов Международного экономического форума, Всемирного туристического барометра в исслед-

довании как показателей, влияющих на развитие международного туризма, сосредоточить внимание на статистических данных и содержании нескольких выбранных показателей, влияющих на сектор туризма, в целях развития туризма и достижения экономического роста. По данным Статистического агентства Казахстана за последние 5 лет, в целях определения устойчивости приведенных показателей, определения приоритетности показателей были отобраны показатели, имеющие тесную статистически значимую связь с зависимыми переменными, и определены результаты аппроксимации данных. Актуальность статьи заключается в увеличении международного туристического тренда и достижении экономического роста за счет развития сакрального туризма посредством сохранения историко-культурного наследия республики, увеличения потока туристов, посещающих сакральные места. В исследовании используются методы статистического анализа, обобщения и сравнения для анализа показателей устойчивости, влияющих на туризм, и определения воздействия показателя. Методы включают расчет среднего арифметического и веса нормализованных значений для каждого направления, а также статистический анализ и сравнение. Подводя итоги статьи, авторы определили дифференцированное влияние выбранных показателей на общую устойчивость, а при достижении полученных результатов будет наблюдаться динамика роста по республике, а также будут определены выбранные показатели на период 2020–2024 гг. для проведения научно-исследовательской работы. По результатам индикаторов устойчивого развития в стране определен линейный рост, включающий каждое измерение.

Ключевые слова: сакральный туризм, международный туризм, индикаторы, приоритет, доля, историческая ценность.

KADYRBEKOVA D.S.,¹

PhD, associate professor.

e-mail: 6537275@mail.ru

ORCID ID: 0000-0001-8641-253X

DUSHOVA N.K.,²

m.e.s., senior teacher.

e-mail: dushovan@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-6778-6218

TOKBERGENOVA U.A.,³

m.e.s., senior teacher.

e-mail: tokbergen75@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-9678-8124

KALIYASKAROVA B.A.,^{*4}

m.e.s., senior teacher.

*e-mail: kaliaskarova.b@bk.ru

ORCID ID: 0000- 0003-4745-9495

¹Kazakh Academy of Sports and Tourism,
Almaty, Kazakhstan,

²University of International Business
named after K. Sagadiev,
Almaty, Kazakhstan

³Almaty Technological University,
Almaty, Kazakhstan

⁴Narxoz University,
Almaty, Kazakhstan

INDICATORS INFLUENCING THE DEVELOPMENT OF INTERNATIONAL TOURISM (On the example of the Republic of Kazakhstan)

Abstract

The purpose of the article is to provide the author's definition of the concepts of "sacred tourism" and "international tourism" based on the analysis of scientific research from domestic, foreign, and neighboring countries, materials of the International Economic Forum, and the World Tourism Barometer. The study focuses on indicators influencing the development of international tourism, with particular attention to statistical data and the content of several selected indicators affecting the tourism sector, in order to promote tourism development and achieve

economic growth. According to the data of the Statistical Agency of Kazakhstan over the past five years, in order to determine the sustainability of the presented indicators and establish their priority, indicators with a strong statistically significant relationship with dependent variables were selected, and the results of data approximation were defined. The relevance of the article lies in the growing international tourism trend and achieving economic growth through the development of sacred tourism by preserving the historical and cultural heritage of the republic and increasing the flow of tourists visiting sacred sites. The study employs methods of statistical analysis, generalization, and comparison to examine the sustainability indicators influencing tourism and to determine their impact. The methods include calculating the arithmetic mean and the weights of normalized values for each direction, as well as conducting statistical analysis and comparison. Summarizing the article, the authors identified the differentiated influence of the selected indicators on overall sustainability, and based on the obtained results, a growth dynamic across the republic is expected. Furthermore, selected indicators for the period 2020–2024 have been determined for conducting scientific research. Based on the results of sustainable development indicators in the country, linear growth has been identified, encompassing each dimension.

Keywords: sacred tourism, international tourism, indicators, priority, share, historical value.

Мақаланың редакцияға түскен күні: 01.07.2025